

Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2012 жылғы 29 мамырдағы № 46 шешімі. Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 21 маусымда № 9-6-152 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Аманкелді аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с

сессия төрайымы

Ж.Олжағұлова

А у д а н д ы қ

мәслихат хатшысы

Ә.Саматов

КЕЛІСІЛДІ:

"Аманкелді ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е.Ещанов

"Аманкелді ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Т.Карбозов